

30 шілде,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ЕНШІСІ БӨЛЕК, МҮДДЕСІ БІР АУЫЛДАР...

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ОЙЫЛ СЕПОЛЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ АҚШАТАУ, ҚАРАКЕМЕР АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ЕКІ АУЫЛДА ДА КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА НЕГІЗІНЕН МАЛ АЗЫҒЫН ЕРТЕРЕК ҚАМДАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ БАСА НАЗАР АУДАРДЫ.



Өйткені, екі ауылдың тұрғындары да қуаңшылықтың зардабын көріп отыр. Ауылдағы шаруашылықтардың берінің де орақтары ауылдың ішінде

қантарылып тұр. Төңірекке ораққа түсетін, тырмаға ілігетін ештеңе жоқ. Түс ауа Қаракемер ауылына ат басын тіреген аудан әкімі бастаған

топпен кездесуге азғантай адам жиналды. Дегенмен, бәрін де мал азығы алаңдатып отыр. Бірақ, атқарушы биліктің араласуымен көрші округтердің шаруашылықтары ауылға шөп екіліп жатыр. Алдын-ала тіркеліп жатқандары да бар. Сонымен қатар, аудан басшысы кездесу барысында ауылдың тазалығына да көңіл бөлу керектігін баса айтты. Себебі, иесіз үйлер ауылдың сиқын алып тұр. Ал, Ақшатаудағы сапарын «Туған жерге тағзым» аясында қолға алынып, құрылысы басталған ауыл клубына тас қалаудан бастады. Осы іске мұрындық болып жүрген мектеп директоры Бекжан Қарасаев шаруаның жай-жапсарын жеткізді. Мектепте өткен кездесуде Асқар Қайырғалиұлы мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мен өзінің ой-жоспарларымен бөлісіп, тұрғындарды отбасылық көсіпкерлікпен айналысуға шақырды. Әрине, мұнда да мал азығы туралы мәселе көтерілмей қалған жоқ. Көсіпкер Төлеу Қосанов шабындыққа жер сұрады. Көсіпкердің өтінішіне аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Жасұлан Ержанов тиянақты жауап берді.

ҚОС АУЫЛДА ДА ҚЫСҚЫ МАЛ АЗЫҒЫН ҚАМДАУ МАРДЫМСЫЗ

КЕШЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ҚАРАСУ, ШҮБАРШИ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНЕ БАРЫПА АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ҚОС АУЫЛДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ТҮРҒЫНДАРЫНЫ ҚЫСҚЫ МАЛ АЗЫҒЫН ҚАМДАУЫ МАРДЫМСЫЗ. ОСЫ ОРАЙДА АУДАН ӘКІМІ ӨДЕТІНШЕ ТҮРҒЫНДАРҒА ҚЫСТЫҢ ҚАҺАРЫНА ОСЫ БАСТАН ДАЙЫН БОЛУЛАРЫН ЕСКЕРТТІ. ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ БАСШЫЛАРЫНА АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ШӨППЕН ҚАМТУҒА КӨМЕК БЕРУ КЕРЕКТІГІН БАСА АЙТТЫ.

Сонымен бірге дәстүрлі емес көсіпкерлікті яғни, қоян, құс, ешкі бағу үрдісін көбірек қолға алу қажеттігін жеткізді. Ойыл аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Аралбай Жолдыбаев атаулы өлеуметтік көмек алып отырған азаматтарға егер мал алып асырайтын болса, оның үш айда алатын ақшасын бірден аударып бере алатындығын және 29-ға дейінгі жұмыссыз жастар 505 мың теңге көлемінде қайтарымыз несие алып шағын кәсіп бастауға болатындығын баяндады. Оған қоса жұмыссыз жандар қайта даярлау курстарынан өтуге, ол үшін үкімет тарапынан арнайы шөкіртқы теле-нетіндігіне кеңірек тоқталды. Зейнеткерлікке жақындап қалған жұмыссыз жандар болса ай сайынғы 1263 теңге көлеміндегі бірыңғай жиынтық төлемін салып тұру керектігін ескертті. Өйткені аталған қаржыны аудармаған жұмыссыз адамның еңбек өтілі жетпей қалған жағдайда үкіметтен берілетін зейнетақыны ала алмай, арнайы берілетін азғантай жәрдем-ақы алады. Тоқтала кетсек, екі ауылда да тұрғындар ауыз су мен қатқыл отынның (көмірдің) сапасына баса мән беру мәселелерін көтерді. Ал, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы екі ауылда да тазалық, халықтың табиғи өсімі жөнінде көбірек тоқталды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қарасу-Шұбарши-Ойыл.

«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ- ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

ЖУЫРДА ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫППЕН «ТӨУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ» АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ТЕРІС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫ ӨТТІ.



Кездесу жиынына «Нұрлы» ақпараттық кеңес беру орталығы» жеке меншік мекемесінің маманы Мақсат Мұратұлы Құдайбергелі мен Дін мәселелері жөніндегі Республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Серіжан Еншібайұлы және аудан жастары мен ақсақалдар қатынасты. Жиынды жүргізген аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұратбай Айдарбаев облыстық, республика-

салт-дәстүрге шектеу қояды. Бұл дегенді тікелей діни сауатсыздықтан туындайды. Сондықтан бала тәрбиесі басты назарда болуы қажет. Тәртіпсіз жастарды тәрбиелеп, тентегін тезге салу ел алдында беделді, ауызы дуалы ақсақалдардың абыройлы міндеттерінің бірі екенін де жасырмай атап өтті. Қара басын ойлайтын емес, кезінде бір ауылды бір ауыз сөзімен ұйғытып отыратын ақсақалдардың кейінгі буындары тәрбиелеп, ел ішінде



лық деңгейдегі теолог мамандарға сөз бере отырып, қатынасшылар қолдарына ұсыныс жасады. Одан кейін теолог мамандар жастардың жат ағымның жетегінде кетіп қалмауы керектігін ескертіп, ата-аналарға балаларының материалдық қажеттілігін ғана жасамай, балаға рухани азық беріп тұру керектігін ашып айтты. Дін ұстанып жүрген діндарлардың бойында көркем мінез болуы керек, сондықтан бала діни сауатты арнайы мешіттен алғаны дұрыс. Себебі интернет арқылы дінге кірген бала ата-анасына қарсы шығып,

тәртіпсіздікті болдырмауы нағыз кемелдіктің айқын көрінісі еді. Сондықтан болар қазірде ақсақалдар тарапынан садақа, қонақасы мәзірінің тәртібі жайында сауалдар көтерілді. Қойылған өр сауалға діни білікті мамандар толыққанды жауап берді. Жиын соңында ақпараттық бейнебаян көрсетіліп, халықаздар тартылды. P.S. Сонымен қатар, мамандар ауылдық округтер мен арнайы орындарда болып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АМАНГЕЛДІ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ АУЫЛДАРДЫҢ БІРІ

Аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың елді-мекендерді аралау сапары өткен аптада Көптоғай ауылдық округіне қарасты Амангелді ауылында жалғасты. Амангелді ауылының тұрғындарымен кездескен аудан әкімі алдымен қысқы мал азығын даярлау алу керектігін ескертті. Сонымен қатар, бір кездері бұл ауылда басты проблемаға айналған мектеп, ауыз су мәселелері бүгінде шешімін тауып жатқандығын оған қоса қазірдің өзінде ел игілі үшін жасалынып жатқан бірқатар жасалған жұмыстарға тоқталып өтті.



Сөйтіп, амангелді ауылында тыныштықта өмір сүріп жатқан елде қозғалған өр мәселе бейжай қалмайтындығын, сырғыған жылдардың еншісіндегі шаруалардың онды шешім табатындығына нық сенім қару керектігін ашық айтты. Сонда ғана болашаққа деген бетбұрыс түзеліп, елділігіміз мәңгілік жасай беретіндігін нақты жеткізді. Амангелді жыл санап көркейіп, халықтың табиғи өсімі артып келе жатқан алдығы қатарлы ауылдардың бірі. Мұнда мектеп мәселесі шешімін тапқанымен, балабақша басты мәселе болып

отыр. Өйткені мұндағы бала саны көңіл қуантады. Ауылда үй салу үрдісі қызып тұр. Малмен күнкөріс жасап отырған ауыл болғанымен, жаңашылдыққа ұмтылыс бар. Қазір ауылға шаштараз, монша, тойхана қажет. Одан бөлек ауыл тұрғындары көгілдір отын мәселесін де қозғайды. Міне осындай ой-сауалдарға толыққанды

жауап берген аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы айтылған ұсыныс пен қозғалған мәселе күн тәртібінен түспейтіндігін және көп қаражатты қажет ететін жұмыстар алдағы жылдардың еншісінде кезең-кезеңімен шешімін табатындығын айтты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Амангелді-Ойыл.

ЖАСТАРДЫҢ ЖАМАҒАТҚА ЖАҚСЫЛЫҒЫ

АЛЛАНЫҢ БАРЫ АҚИҚАТ. ОҒАН МЫҢ-САН ДӘЛЕЛДЕР КЕЛТІРІЛГЕН. КИЕЛІ «КӨКЖАР» ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ДА «БІР ҚҰДАЙДЫҢ» БАРЫНА СЕНЕДІ. СЕБЕБІ ӨР ІСТІ «БІСМІЛЛӘСІЗ» БАСТАМАҒАН. ӨРДАЙЫМ «ШҮКІРШІЛІК» ЕТІП, ТІРІ ЖАНҒА ҚИЯНАТ КЕЛТІРГЕН ЕМЕС. ҚАЗІРГІ ТАҢДА АУДАНДЫҚ МЕШІТТЕ ҚҰДАЙҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ ҚЫЛЫП ЖҮРГЕН ЖАМАҒАТТЫҢ ҚАТАРЫ КӨЗ ҚУАНТАДЫ. МҰНДАҒЫ ИМАН ЖҮЗДІ ЖАСТАР ҮНЕМІ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ЖАНЫ ҚҰМАРТЫП ТҰРАДЫ. ОҒАН ТАЛАЙ МӨРТЕ КУӘ ДА БОЛДЫ.



Есімізге түсірсек, былтырғы жылы Ойылдың 1982 жылы туылған азаматтары айлардың сұлтаны, қасиетті «Рамазан» айында Ораза тұтқан жамағатқа алғаш болып «Ауыз ашар» берген болатын. Осындай сауабы мол істі 1982 жылы туылған азаматтардың соңынан тетеліп ізін басып келе жатқан жастар өрі қарай жалғастыра берген еді. Одан бөлек, сонау XIX ғасырдың соңында бой көтеріп, сол уақыттан қазірге дейін сақталып келген мешіттің жөндеу жұмыстарына, яғни, жаңалау, тазалау, абаттандыру жұмыстарына мешіт жамағаты жұмыла атсалысып жүр. Оның тағы бір көрінісі жақында ғана аудандық мешіттің бас имамы Нұрсұлтан Серікулының бастама-сымен мешіттің тахаратханасын жөндеу жұмыстарына бірі қаржылай,

бірі қолдай көмектерін көрсетті. Осындай ізгі істің нәтижесінде мешіттің тахаратханасы заманауи үлгіде жаңғырып шыға келді. Енді мешітке бас сұққан жамағат арнайы тахаратханада дерет алады. Бұл өсіресе, алыс сапардан келгендерге немесе жұмыстан қол үзбей уақыт үнемдейтін жамағат үшін жақсы жағдай болмақ.

Демек, бұл ұрлық-қарлық, кісі нақсын жеу, бұзақылық әдеттерден арылып, ата-ананы құрметтеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет қылып, адамгершілікке ұмтылып жүрген жастарымыздың қатарының көбейгені. Ұлттық сана-сезімнің нығайғаны. Ұлттық рухымыздың оянганы. Лайым осылай болғай!

Мыңжасар ДОСОВ,
Ойыл ауылының тұрғыны.

«ЗАҢҒА БАҒЫНҒАН - ҚҰЛ ЕМЕС!»

НЕМЕСЕ ЖАМАН ӘҚЕТМЕН ҚАПАЙ АРЫНУҒА БОЛАҚЫ?

ДҮНИЕГЕ ПЕНДЕ БОЛЫП ЖАРАТЫЛҒАННАН БАСТАП, АДАМ БАЛАСЫ ЖАҚСЫ ӨМІР СҮРҮДІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРЫП КЕЛЕДІ. СОЛАРДЫҢ ЕҢ БАСТЫСЫ – ОРТАҚ ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУ. ОСЫ МАҚСАТТА ҚАЙ ЕЛДЕ БОЛМАСЫН, ӘСІРЕСЕ ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАНДАР ПАЙДА БОЛДЫ. ЗАҢ ШЫҒАРУ ЕКІНШІ БІРІНШІ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙДІ, ОҒАН ӨМІР ТӘЖІРИБЕСІ МОЛ, ЗАҢДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН САЛАДА КӨП ЖҮЛ ЕҢБЕК ЕТКЕН, ӨТЕ САУАТТЫ ТҮЛҒАЛАР КЕРЕК ЕКЕНІ ӨУ БАСТАН БЕЛГІЛІ. МЫСАЛЫ, «СЕНАТ» ДЕГЕН СӨЗДІҢ ӨЗІ «АҚ ШАШТЫ» ДЕГЕН СӨЗДЕН ШЫҚҚАН ЕКЕН.

«Заңы жоқ мемлекет өзінен-өзі құриды» деген де ұлағатты сөздер бар. Біздің қазақ ұлтында да халыққа керек тәртіпті, қағидаларды ақ сақалды Ру басылары мен билер жасап отырған. Бұл жөнінде аға буындардан естіген еңгімеді мысалға келтірейін. Ақтөбе облысының бір ауданында болған оқиға, Кеңес дәуіріне дейінгі шығар, сірә? Қай уақытта болса да, кезіндегі руға уәләніуді мықты жақтарының бірі. Елде бір қоқан-лоқы «Тентек ру» болған (ол рудың атын айтпай-ақ қояйын, біреулердің намысына тиер), олар басқа Рубасыларының айтқан ескертүлерін тындамай, ортақ тәртіпке бағынбай, өз ойларына келген тентектіктерін жалғастыра берген. Содан, қатты ашуланған Рубасылары бірігіп «Тентек рудан» ешбір ру қыз алмасын да, қыз бермесін де» - деп қатаң шешім шығарған. Өлгі «Тентек ру» өз-өздерінен қыз алып, қыз беріп азып кетер болғаннан кейін амалсыздан ортақ тәртіпке бағынған екен. Бұның бәрі неге айтылып келе жатыр, бұның бәрі ауданымыздағы тәртіпке, өсіресе, тойға бару уақытының кештігі, таксилердің қызмет көрсетуі мен сауда мәдениетінің төмендігі жаман әдетке айналуынан туындап отыр. Өйткені, Ойылдың тойға бару уақыты бұдан өрі тәзбейтіндей хөлге жетті, тойға шақырушы да, келуші де

жаман әдетке еттері әбден үйреніп, мезі болып қалған. Әрине бірін-саран уақытында басталатын жақсы тойлар бар, бәрине бірдей топырақ шашқанын артықтау болар. Көпшілік тойлар кешкі 19.00-ге шақырылғанымен көбіне 22.00-23.00 аралығында ғана басталады. Тойға шақырушының өзі 21.00-ден кейін өздері келіп жатса немесе жас жұбайлар дайын болмай күттірсе, келушілердің кейбіреулері салтанатты дастарханнан ортасында ұялмастан «Мені көрдіңдер ме?» дегендей келіп жатады. Уақытында келіп, көп күткендер шаршағандықтан салтанатты дастарханнан бірінші бөлігі аяқталмастан үйлеріне асықса, ал, ұялғандар түнгі 2.00-3.00-ке дейін тойдың тарқауын, той иелерінің тілегін амалсыздан күтеді. Бұл бір-біріміздің алтын уақытымызды босқа өткізу. Басқа кейбір тәртіпке жақсы бағынатын аудандарда той уақытында басталып, сағат 1.00-ден көп аспай, өрі шаршамай, өрі қызықты болып тарқайды.

Енді, аудан орталығындағы такси қызметіне келейік. Бұл жерде де, не таксистердің өздерінде де, не жолаушыларда да ортақ тәртіп жоқ. Бұнда қатып қалған диспетчер арқылы кезекке тұрып жүру жолға қойылмаған. Жолаушылар арзан, таныс, жақсы деген таксистерге

өздері қоңырау шалып ортақ тәртіпті бұзса, таксистер басқалардан гөрі өздері көбірек пайда табуды ойлап осы тәртіпке бағынбайды. Бұған ұсақ-түйек, жолаушылардың базардан немесе үйінен шығып болмауын, ал таксистердің адамдарды тиіп алып май құйып, дөңгелектерін жөндегіп, аманаттарды тарату сияқты жол ұзартуларын қоспағанда. Ал, басқа тәртіпті аудандар таксистері мен жолаушылары тек диспетчер арқылы қозғалады, басқаша жүруге екі жағы да жол бермейді және жоғарыда айтылған ұсақ-түйек жол ұзартуларға тәзбейілікпен қарап, ортақ тәртіпті талап етеді.

Сауда және басқа да қызмет көрсету саласындағы кезекке тұру біздің ауданда бұрыннан ақсап келе жатқан мәселе. Алдыңғы ғасырдың 80-ші жылдарындағы Ақтөбе-Ойыл маршруттың автобустарға отыру кезіндегі келенсіз жағдайлар өлі көз алдымыда. Басқа Мардук, Хобда т.б. аудандарға жолаушылар автобустарға билеттерімен жайбарақат мініп жатқанда, Ойылға билеттері бары да, жоғы да контролерді (ол кезде орыс өйелдер) итере-митере кіріп, билеттегі орындарға қарамастан отырып алатын.

Дүкендердегі саудалар да солай, «кезектің соңы кім?» деп бірін-сарандары болмаса (онда да, басқа аудандардан келгендер болуы мүмкін), нобайы бастырмалатып таныстығын, немесе мықтылығын көрсетіп, кезектен тыс тауарларын тез алып кетуге тырысады деп оларға «кезекте тұрмадың» деп сатушылар да айтпайды. Бірлі-жарым дүкендерден басқалары, қызмет көрсету регламентінің іліп қоймайды (қандай уақыт аралығы, түскі үзіліс, демалыс күндері), тұтынушылар бірін-бірі сұрап біледі немесе қашан ашқанша амал-

сыз күтіп тұрады. Мал мен мал өнімдерінің саудалары да кейбір дүкендер де болмаса, тұтынушыларға қолайлы емес. Малды саудалау үшін не күтуге, не мал иесінің ауласына кіруіні керек, ал, сүт өнімдерін жәрмеңкелік кезін күтпесең, әдейі тапсырыс беріп, ол қашан келгенше соған тәуелді болуың керек.

Бәрін айта келе «Заңға бағынған – құл емес!» деген ұлағатты ұғымды өрдайым есте ұстап, бәріміз ортақ тәртіпке бағынуды, өрбіреуіміздің алтын уақытымызды текке кетірімеуді және ешкімнің құқығын бұзбауды ойласақ...

«Ойдан өрекет туындайды, өрекеттен әдет қалыптасады, әдеттен мінез-құлық пайда болады, мінез-құлық арқылы адамдардың тағдыры шешіледі» - дейді терең ойлы тұлғалар. Сондықтан, бәріміз тойға кешікпей баруға, ал, той иелері тойды кешікпей бастауға (жас жұбайлар да алдын-ала дайын тұруға), таныс таксистерге қоңырау шалмай, диспетчерге хабарласуға, тіпті «Сапаржайға» өз аяғымызбен баруға, ал, таксистер қоңырауларды қабылдамай (тек қана өздерінің пайдасын ойламай) «тірі кезекке» тұруға, дүкендердегі кезектерде шыдамдылық танытуға, ал, дүкеншілер дүкен сыртына регламенттерін ілуге, кезектегі тұтынушыларды өз кезегімен жіберуге өрекеттеніп, оларды жоғарыда айтылған дұрыс әдетке айналдырсақ, ауданымыздың тұрғындары басқа тәртіпке бағынатын аудандардың немесе қалалардың тұрғындары сияқты алтын уақыттары тиімді пайдалануы мен жүз келерін текше шаршатайтыны хақ.

Мыңжасар ДОСОВ,
Ойыл ауылының тұрғыны.

ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

06 маусым 2019 жыл №308 Ойыл селосы
Ойыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Ойыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4724 болып тіркелген, 2016 жылы 26 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
- «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
 - осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;
 - осы шешімді Ойыл аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: Ж. Хамзин **Аудандық мәслихат хатшысының м.а.: А.Мамбетова**

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 6 маусымдағы № 308 шешіміне қосымша Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 277 шешімімен бекітілген

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ, МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- Осы Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан өрі -Қағидалар), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес өзінше және өзара әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

- Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
 - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ақтөбе облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Ойыл аудандық бөлімі (бұдан өрі -үкілетті ұйым);
 - атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
 - арнайы комиссия - өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Ойыл ауданы өкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
 - ең төмен күнкөріс деңгейі - ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
 - мереке күндері -Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
 - отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
 - өмірлік қиын жағдай - азаматтың тыныс тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетіше еңсере алмайтын ахуал;
 - үкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
 - учаскелік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік өкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;
 - шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.
 - ОсықағидаларОйылауданында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.
 - Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен және осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте көрсетіледі.
 - Әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган (бұдан өрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан өрі - алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсетілетін көмек түсініледі.
 - Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.
 - Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:
 - Жеңіс күні - 9 мамыр;
 - Мүгедектер күні - қазан айының екінші жексенбісі.
 - Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.
- Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері**
 - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерге 8 000 (сегіз мың) теңге мөлшерінде үкілетті ұйымның ұсынған тізімдері негізінде;
 - мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге мүгедек балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, білім беру кезеңіне бір мүгедек балаға, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде «Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұсынған тізімдері негізінде;
 - онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жұқтырғандарға және туберкулездің өртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, ай сайын ұсынатын «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ұсынған тізімдері негізінде, жылына алты айға дейінгі амбулаториялық ем алу мерзіміне 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
 - Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, I, II, III топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға және оларды ертіп жүруші тұлғаларға, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан өрі - облыстық денсаулық сақтау басқармасы) жолдамасы бойынша емделуге төленетін жол шығындарын өтеу үшін.

Әлеуметтік көмек, егер жоғарыда аталған тұлғалар толық мемлекет қарауында болмаған жағдайда көрсетіледі.

- Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, не оның мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде келтірілген шығындарға байланысты біржолғы әлеуметтік көмектің төмендегі мөлшерлері белгіленеді:
 - Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне 150 000 (жүз елу мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 100 000 (жүз мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға 60000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - мүгедектерге, оның ішінде он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға 60000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға 50000 (елу мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - көп балалы отбасыларға 140 000(жүз қырық мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің тұлкеріне 60000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - аз қамтылған азаматтарға 140 000(жүз қырық мың) теңгеге дейінгі шекте;
 - онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жұқтырғандарға және туберкулездің өртүрлі түрімен ауыратын науқастарға 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте.

- Өмірлік қиын жағдайлардағы азаматтарға, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтөбе облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен бір еседен аспаса әлеуметтік көмек көрсетіледі (кірісі есептелмей әлеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерін қоспағанда).

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмек олардың табысын есепке алмай көрсетіледі.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың санаттарының қатарына жабызу үшін төмендегілер негіздемелер болып табылады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- табиғи зілзалаың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- жан басына шаққандағы орташа табыстың, өмірлік қиын жағдай туындауына байланысты біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау барысында ең төменгі күнкөріс деңгейінен бір еселік мөлшерінен аспауы.

11. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарау мерзімі:

өмірлік қиын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

12. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі: Жеңіс күніне орай:

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;
- жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;
- жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;
- мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын 2014 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде алты ай өскери қызмет өткерген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;
- мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылардың әйелдеріне (күйеулеріне) 25000 (жырма бес мың) теңге мөлшерінде;
- қайтыс болған ауандық жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне 25000 (жырма бес мың) теңге мөлшерінде;
- мүгедектер күніне орай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде.

13. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі

14. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей үкілетті ұйымның

РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

16 маусым 2019 жыл №308 Ойыл селосы
О внесении изменения в решение Уилского районного маслихата от 24 декабря 2015 года № 277 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе»

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 4) пункта 1 статьи 56 Бюджетного кодекса от 4 декабря 2008 года и постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 504 «Об утверждении типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

- Внести в решение Уилского районного маслихата от 24 декабря 2015 года № 277 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №4724, опубликованное 26 февраля 2016 года в Информационно-правовой системе «Әділет») следующее изменение:
 - Правила оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе, утвержденные указанным решением, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.
 - Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:
 - государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобинской области;
 - направление настоящего решения на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде;
 - размещение настоящего решения на интернет-ресурсе Уилского районного маслихата.
 - Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председател сессии районного маслихата: Ж. Хамзин **И.о. секретаря районного маслихата: А.К.Мамбетова**

Приложение к решению районного маслихата от 6 июня 2019 года № 308 Утвержден решением Уилского районного маслихата от 24 декабря 2015 года № 277

ПРАВИЛА ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ, УСТАНОВЛЕНИЯ РАЗМЕРОВ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПЕРЕЧНЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН В УИЛСКОМ РАЙОНЕ

- Настоящие Правила оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе (далее - Правила) разработаны в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 504 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан» и определяют порядок оказания социальной помощи, установления размеров и перечня отдельных категорий нуждающихся граждан.

1.Общие положения

- Основные термины и понятия, которые используются в настоящих Правилах:
 - отдел Уилского района по социальному обеспечению филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Актобинской области (далее -уполномоченная организация);
 - памятные даты - события, имеющие общенародное историческое, духовное, культурное значение и оказавшие влияние на ход истории Республики Казахстан;
 - специальная комиссия - комиссия, создаваемая решением акима Уилского района, по рассмотрению заявления лица (семьи), претендующего на оказание социальной помощи в связи с наступлением трудной жизненной ситуации;
 - прожиточный минимум - необходимый минимальный денежный доход на одного человека, равный по величине стоимости минимальной потребительской корзины;
 - праздничные дни - дни национальных и государственных праздников Республики Казахстан;
 - среднедушевой доход семьи (гражданина) - доля совокупного дохода семьи, приходящаяся на каждого члена семьи в месяц;
 - трудная жизненная ситуация - ситуация, объективно нарушающая жизнедеятельность гражданина, которую он не может преодолеть самостоятельно;
 - уполномоченный орган - государственное учреждение «Уилский районный отдел занятости и социальных программ», финансируемое за счет местного бюджета, осуществляющее оказание социальной помощи;
 - участковая комиссия - комиссия, создаваемая решением акимов соответствующих административно-территориальных единиц для проведения обследования материального положения лиц (семей), обратившихся за социальной помощью, и подготовки заключений;
 - пределный размер - утвержденный максимальный размер социальной помощи.
 - Данные Правила распространяются на лиц, постоянно проживающих в Уилском районе.
 - Социальная помощь предоставляется отдельным категориям нуждающихся граждан государственным учреждением «Уилский районный отдел занятости и социальных программ» в порядке, определяемом настоящими Правилами.
 - Под социальной помощью понимается помощь, предоставляемая местными исполнительными органами (далее - МИО) в денежной или натуральной форме отдельным категориям нуждающихся граждан (далее - получатели) в случае наступления трудной жизненной ситуации, а также к памятным датам и праздничным дням.
 - Социальная помощь предоставляется одновременно и (или) периодически (ежемесячно, ежеквартально, 1 раз в полугодие).
 - Перечень памятных дат и праздничных дней для оказания социальной помощи:
 - День Победы - 9 мая;
 - День инвалидов - второе воскресенье месяца октября.
 - Участковые и специальные комиссии осуществляют свою деятельность на основании положений, утверждаемых областными МИО.
- Перечень категорий получателей социальной помощи и размеры социальной помощи**
 - Ежемесячная социальная помощь без учета дохода оказывается:
 - участникам и инвалидам Великой Отечественной войны на коммунальные услуги, в размере 8 000 (восемь тысяч) тенге согласно списков, представленных уполномоченной организацией;
 - родителям или законным представителям детей-инвалидов на возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов, на одного ребенка - инвалида в размере 2 (двух) месячного расчетного показателя на период обучения, согласно списков, представленных государственным учреждением «Уилский районный отдел образования»;
 - гражданам, страдающим онкологическими заболеваниями, инфицированным вирусом иммунодефицита человека и больным различной формой туберкулеза согласно списков государственного коммунального предприятия «Уилская центральная районная больница» на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актобинской области», предоставляемых ежемесячно на период амбулаторного лечения в пределах до шести месяцев в году, в размере 10 (десяти) месячных расчетных показателей;
 - участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, инвалидам I, II, III групп, детям-инвалидам до шестнадцати лет и сопровождающим их лицам для оплаты проезда на лечение по направлению государственного учреждения «Управление здравоохранения Актобинской области» (далее - областное управление здравоохранения).
 - Социальная помощь оказывается в случае, если вышеназванные лица не находятся на полном государственном обеспечении.
 - В зависимости от наступившей трудной жизненной ситуации или убытка, понесенного в результате повреждения его имущества, устанавливаются следующие размеры единовременной социальной помощи:
 - участникам и инвалидам Великой Отечественной войны в пределах 150 000 (сто пятидесяти тысяч) тенге;
 - лицам, приравненным по льготам и гарантиям к участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, в пределах 100 000 (сто тысяч) тенге;
 - другим категориям лиц, приравненным по льготам и гарантиям к участникам Великой Отечественной войны, в пределах 80 000 (восемьдесят тысяч) тенге;
 - лицам, достигшим пенсионного возраста, в пределах 60 000 (шестидесяти тысяч) тенге;
 - инвалидам, в том числе лицам, воспитывающим ребенка-инвалида до восемнадцати лет, в пределах 60 000 (шестидесяти тысяч) тенге;
 - жертвам политических репрессий, лицам, пострадавшим от политических репрессий, в пределах 50 000 (пятидесяти тысяч) тенге;
 - многодетным семьям в пределах 140000 (сто сорок тысяч) тенге;
 - детям-сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, выпускникам детских домов в пределах 60 000 (шестидесяти тысяч) тенге;
 - малообеспеченным гражданам в пределах 140000(сто сорок тысяч) тенге;
 - гражданам, страдающим онкологическими заболеваниями, инфицированным вирусом иммунодефицита человека и больным различной формой туберкулеза в пределах 80 000 (восемьдесят тысяч) тенге.
 - Социальная помощь гражданам, находящимся в трудной жизненной ситуации, предоставляется, если среднедушевой доход семьи (гражданина) за предшествовавший на момент обращения квартал не превышает однократного размера прожиточного минимума по Актобинской области (за исключением участников и инвалидов Великой Отечественной войны, которым социальная помощь оказывается без учета дохода).
 - При наступлении трудной жизненной ситуации, участникам и инвалидам Великой Отечественной войны социальная помощь оказывается без учета их дохода.

Основаниями для отнесения граждан к категории нуждающихся при наступлении трудной жизненной ситуации являются следующие:

- основания, предусмотренные законодательством Республики Казахстан;
- причинение ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие стихийного бедствия или пожара либо наличие социально значимого заболевания;
- наличие среднедушевого дохода, не превышающего однократного размера прожиточного минимума для предоставления единовременной социальной помощи в связи с наступлением трудной жизненной ситуации.

11. Сроки обращения за социальной помощью при наступлении трудной жизненной ситуации вследствие стихийного бедствия или пожара:

не позднее шести месяцев с момента наступления соответствующей трудной жизненной ситуации.

12. Единовременная социальная помощь без учета дохода к памятным датам и праздничным дням оказывается: ко Дню Победы:

- участникам и инвалидам Великой Отечественной войны в размере 100 000 (ста тысяч) тенге;
- лицам, приравненным по льготам и гарантиям к участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, в размере 50 000 (пятидесяти тысяч) тенге;
- другим категориям лиц, приравненным по льготам и гарантиям к участникам Великой Отечественной войны, в размере 30 000 (тридцати тысяч) тенге;
- гражданам, трудившимся в тылу и проходившим воинскую службу не менее шести месяцев в период с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года, получающим специальное государственное пособие, в размере 15 000 (пятнадцать тысяч) тенге;
- женам (мужьям) умерших участников Великой Отечественной Войны, не признававшихся инвалидами, не вступившим в повторный брак, в размере 25 000 (двадцати пяти тысяч) тенге;
- женам умерших войнов-афганцев, не вступившим в повторный брак, в размере 25 000 (двадцати пяти тысяч) тенге;
- ко Дню инвалидов - инвалидам, получающим государственные социальные пособия, в размере 30 000 (тридцати тысяч) тенге.

13. Размер оказываемой социальной помощи в каждом отдельном случае определяет специальная комиссия и указывает его в заключении о необходимости оказания социальной помощи.

3. Порядок оказания социальной помощи

не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі. Азаматтардың кейбір санаттарының әр түрлі атаулы күндер мен мерекелік күндері (санатына сәйкес) әлеуметтік көмек алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмектің бір түрі көрсетіледі (көлемі бойынша үлкені).

15. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауылдық округтің өкіміне мынадай құжаттарды қоса жалғай отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігін растайтын құжат;
- 3) осықағидалардың 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын акті немесе құжат.

16. Осықағидалардың 8 тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген адамдарға ай сайыны әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі, 8 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдар мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) арыз;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) облыстық денсаулық сақтау басқармасы берген белгіленген үлгідегі емделуге жіберген жолдама;
- 4) 8 тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген азаматтардың санаттарына жататындығын растайтын куәліктің көшірмесі;
- 5) жол жүру дерегін растайтын билеттер.

17. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің өкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін уәкілетті комиссияға жібереді.

19. Уәкілетті комиссия, құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осықағидалардың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ өкіміне жібереді.

Ауылдық округ өкімі уәкілетті комиссияның актісімен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган уәкілетті комиссиядан немесе ауылдық округ өкімінен өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттармен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағидалардың 20 және 21 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің өкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы мөлшерлерінің, әлеуметтік көмек көрсету үшін Ойыл аудандық мәслихаты белгілеген шектен асқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

- 1) алушының қайтыс болуы;
 - 2) алушы Ойыл ауданы аумағынан тыс тұрақты тұруға шығып кетуі;
 - 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілуі;
 - 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталғанда.
- Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Бұл ретте дәйексіз мәліметтерді келтіріп заңсыз әлеуметтік көмек тағайындауға өкелгені анықталған жағдайда, әлеуметтік көмек төлеу тағайындалған тұлғаға (отбасына) белгіленген кезеңге тоқтатылады. Артық төленген сомалар ерікті қайтаруға жатады, бас тартқан жағдайда - сот арқылы.

5. Қорытынды ереже

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуы уәкілетті орган «Е-собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің немесе «Әлеуметтік көмек» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.

Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 1- қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____
Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

Р/с №	Жеке сәйкестендіру номері	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған күні, айы, жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____
 Отбасы құрамы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә. _____ (қолы)

Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 2- қосымша

ӨМІРЛІК ҚИЫН ЖАҒДАЙДЫҢ ТУЫНДАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АДАМНЫҢ (ОТБАСЫНЫҢ) МҰҚТАЖДЫҒЫН АЙҚЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ТЕКСЕРУ АКТІСІ

20 __ ж. «__» _____ (елді мекен) _____

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә: _____
2. Тұратын мекенжайы: _____
3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қиын жағдайы: _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде:

Р/с №	Т.А.Ә.	Туған күні, айы, жылы	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.
 Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.
 Балалардың саны: _____ оның ішінде:
 жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқушыға оқу құны жылына _____ теңге.
 Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек): _____

Приложение 1к Правилам оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе

Регистрационный номер семьи _____
Сведения о составе семьи заявителя

(Ф.И.О. заявителя) (домашний адрес, тел.)

№ п/п	Индивидуальный идентификационный номер	Ф.И.О. членов семьи	Родственное отношение к заявителю	День, месяц, год рождения

Подпись заявителя _____ Дата _____
 Ф.И.О. должностного лица органа, уполномоченного заверять сведения о составе семьи _____ (подпись)

Приложение 2 к Правилам оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе

АКТ ОБСЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ НУЖДАЕМОСТИ ЛИЦА (СЕМЬИ) В СВЯЗИ С НАСТУПЛЕНИЕМ ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ

от «__» _____ 20__ г
 (населенный пункт) _____
 1. Ф. И. О. заявителя _____
 2. Адрес места жительства _____
 3. Трудная жизненная ситуация, в связи с наступлением которой заявитель обратился за социальной помощью _____

4. Состав семьи (учитываются фактически проживающие в семье) _____ человек, в том числе:

№ п/п	Ф.И.О.	День, месяц, год рождения	Родственное отношение к заявителю	Занятость (место работы, учебы)	Причина незанятости	Сведения об участии в общественных работах, профессиональной подготовке (переподготовке, повышении квалификации) или в активных мерах содействия занятости	Трудная жизненная ситуация

Всего трудоспособных _____ человек.
 Зарегистрированы в качестве безработного в органах занятости _____ человек.
 Количество детей: _____ человек, в том числе:
 обучающихся в высших и средних учебных заведениях на платной основе _____ человек, стоимость обучения в год на учащегося _____ теңге.

Наличие в семье участников Великой Отечественной войны, инвалидов Великой Отечественной войны, приравненных к участникам Великой Отечественной войны и инвалидам Великой Отечественной войны, пенсионеров, пожилых лиц, старше 80-ти лет, лиц, имеющих социально значимые заболевания (злокачественные новообразования, туберкулез, вирус иммунодефицита человека), инвалидов, детей-инвалидов (указать или добавить иную категорию)

5. Условия проживания (общекитие, аренда, приватизированное жилье, служебное жилье, жилой кооператив, индивидуальный жилой дом или иное - указать): _____

(Жалғасы келесі санда)

<p>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.</p>	 <p>Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.</p> <p>Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.</p>	<p>Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1621 дана. Тапсырыс №923 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525</p> <p>«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.</p>
--	--	---

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ

НӘТИЖЕСІНДЕ НЕСІБЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АУДАН ҮШІН БАСТЫ МӘСЕЛЕ МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТІП, ОНЫ АСЫЛДАНДЫРУ. ӨРІ ҚАРАЙ ОНЫҢ КҮТІМІ МЕН ҚЫСҚЫ АЗЫҒЫН ӨЗІРЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ШАРУАНЫҢ МАҢДАЙЫНА ЖАЗЫЛҒАН МІНДЕТ. БҮЛ МІНДЕТТЕН ЕШБІР ШАРУА ЕНЖАРЛЫҚ ТАҢЫТПАЙДЫ. СЕБЕБІ «МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕТІНІ» БҰҒАН ДЕЙІНДЕ ТАЛАЙ МӨРТЕ АЙТЫП КЕЛЕМІЗ.



Өткенге сәл шегінсек, қазақ даласында мал бағын дәулеті артқан таза еңбек адамдарының есімдері ел есінде сақтаулы. Міне осындай «Шопан ата» төлінен мол өнім алғандардың бірі атақты шопан, «Социалистік Еңбек Ері» Бекіш Ғалымов еді. Жүз саулықтан 163 қозыға дейін алды. Қазіргі таңда оның тәжірибесін ауылдастары жақсы біледі. Кезінде мал шаруашылығы

қызып тұрған ауылда ата кәсіппен айналысатын шаруалардың ізі суымаған. Оның нақты дәлелі бүгінгі күнде Көптоғайда 50-ден астам шаруа қожалығы бар. Төрт түлігін таңнан өргізіп, сайын даланың сөнін кіргізіп отырған ауылдың жағдайы жаман емес. Мұнда «Бір бас малын екеу етсем», дейтін «еңбекқор», «шаруаға мығым» жандар жетерлік. Солардың бірі Нұралы Аймұқанов. Бірнеше жылдар бойы «Идеят» шаруа қожалығында еңбек еткен ол, қазір мемлекеттік бағдарламалар арқылы бірнеше рет жеңілдетілген несие алды. «Ауыл шаруашылығын қолдау» қорынан алған 2 миллион теңге көлеміндегі алғашқы несиесіне ірі қара малдарын алып, бордақылады. Одан кейін алған несиесіне 40 бас қой алды. Биыл да «Ауыл шаруашылығын қолдау» қорынан 1 миллион теңге алып, қорасындағы ірі қарасының санын 4 бас сауын сиырмен толықтырды. Жастайынан қара жұмысқа шыңдалған шаруа енжарлық өдетті жақтырмайды. Таңнан ерте тұрып шаруаға кірісуге өбден машықтанған. Сөтін салса, алдағы уақытта жер алып, малдарына үлкелітп қора

салуды көздеп отыр. Өз алдына мал алып шаруасын дөңгелетіп отырғанына көп болмаса да сиырларының саны оннан шықса, қойлары жүзге жетіп отыр. Одан бөлек төрт-бес бас Қамбар ата төлі де бар. Оның алдағы уақыттағы басты мақсаты - мал басын көбейтіп, оларды асылдан-дұры жұмыстарын қолға алу. Біз



Нұралы Жақығалиұлымен арнайы тілдесу барысында ол, мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілетін несиелер «шаруасын енді бастағандар үшін өте тиімді», - дейді. Сонымен бірге «оның құжаттарын

жинауда аса кедері келтіретін ештеңе жоқ, тек кепілге қоятын мүлктің құжаттары дұрыс болса болды. Әрине көптеген құжаттарды жинақтау қара шаруа үшін сөз қиындықтар тудыруы мүмкін. Оған бола көздеген мақсатыңды үздік-кесілді тоқтатуға болмайды. Әр адам сонда ғана ойға алған ісін

іс жүзінде іске асыра алады» - деген Нұралының бұл сөздері расымен шаруасын енді бастағандар үшін үлкен көңес болмақ.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Көптоғай-Ойыл.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ БАСЫН ӨСІРУ, ОДАН АЛЫНАТЫН ӨНІМДЕРДІ АРТТЫРУ ЕҢ БІРІНШІ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ЖЕМ-ШӨППЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.

Мол да сапалы табиғи мал азығын дайындауға еңбекті механикаландыру дәрежесі елеулі түрде ықпал етеді. Сондықтан шаруа қожалықтардың басшылар науқан басталмас бұрын техниканы жөндеуден өткізіп, сапқа қоюға баса көңіл бөлу қажет.

Мал азығын дайындау кезінде ысырапқа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармайық! Атап айтқанда олар мыналар:

- жұмылдырылатын техникаларды жарақат өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;
- агрегатта және оның, айналдыру темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу;
- тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықтау;
- электр-газ дәнекерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;
- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтын деңгейде өткізілуі;
- ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықтаған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықтау;
- Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула

алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады;

Мыналарға:

- 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауы мен кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Бұл ережелер мал азығын дайындауға ат салысып жүрген әрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау әрбір қожалық иелерінің міндеті.

Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпін сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Өрине, өңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қауіпін сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелермен талаптарды орындамау ҚР ӨҚБТ-ы бойынша өкімшілік жауапкершілікке тартыландықтары ескертеміз.

Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

AQYL БІЛІМ БЕРУ ДЕПОЗИТТЕРІ – БҮЛ ӨЗІҢІЗДІҢ ЖӘНЕ БАЛАҒЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫНА ТИІМДІ САЛЫМ

БҮГІН ӨРҚАЙСЫСЫМЫЗДЫҢ ЖӘНЕ БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ТІКЕЛІ БІЛІМНІҢ ДЕНГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. АЛАЙДА КӨПТЕГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА-АНА БАЛАСЫНЫҢ ЖОО-ДА ОҚУЫН ТӨЛЕУ МӘСЕЛЕСІН СОҒҒЫ ӨСКЕ ҚАЛДЫРАДЫ, СӨЙТІП АҚЫР СОҢЫНДА БАНКТЕН КРЕДИТ НЕ БІРЕУДЕН ҚАРЫЗ АЛЫП ОНЫ ТӨЛЕП БОЛҒАНША ҚИНАЛАДЫ.

Осы ретте ақшаны жоспарлы түрде жинақтау – үйде, банктің ұяшықтарда және өртүрлі депозиттерде жинау бұл мәселені шешудің оңтайлы жолдарының бірі болуы мүмкін.

Депозиттер нарығында Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің шеңберінде іске асырылатын «AQYL» білім беру депозиті мемлекет тарапынан жыл сайынғы ақшалай көтермеленуінің арқасында ең тиімді қаржы құралы болып табылады.

«AQYL» білім беру депозиттері бұл:

1. Мемлекеттен жыл сайын ақшалай сыйлыққы алу
- «AQYL» білім беру депозитіне банктің сыйлықасынан бөлек жинақталған сомандан 5-7 % мөлшерінде мемлекет сыйлықасы есептеледі. Бұл ретте мемлекеттің сыйлықасы мен банктің сыйлықасы капиталға айналады, яғни негізгі салымға қосылады. Нәтижесінде, «AQYL» депозиттер нарығындағы табыстылығы ең жоғары депозит, сондықтан мемлекеттің осындай қолдауымен оқуға шығындарды едәуір азайтуға, сәйкесінше отбасылық бюджетке түсетін салмақты біршама жеңілдетуге болады.
2. Салымдардың кепілдендірілуі
- «AQYL» білім беру депозиті 10 млн. теңгеге дейінгі сомаға Қазақстанның депозиттерге кепілді беру қорымен сақтандырылған. Осылайша, білім беру депозиттері толықтай қорғалған.
3. Өндіру шараларынан қорғалуы
- «AQYL» білім беру депозиті мемлекет тарапынан, өрі үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір өндіріс алуымен қорғалған. «AQYL» білім беру депозиттеріне ешқандай шектеулердің қойылуы және тыйым салынуы мүмкін емес.
4. Салымдардың мерзімділігін өз бетінше белгілеу мүмкіндігі

Салымшы ашылған депозитке жасалатын журналдардың мөлшері мен олардың жиілігін отбасылық бюджеттің мүмкіндіктеріне қарай өзі белгілейді. «AQYL» білім беру депозиттерін кассалар, Nur&Pay интернет-банкін арқылы, сондай-ақ картадан жинақтау шотына аудару арқылы толтыруға

болады. Бұл салымшыға өте ыңғайлы, өрі бірталай уақытты үнемдейді.

5. Депозитті иелік ету мүмкіндігі

Егер депозит иесі немесе оның баласы грант бойынша ЖОО-ға түскен болса, ол қаражат жинақтауды білімнің басқа деңгейлеріне оқудың ақысын төлеу үшін жинақтауды жалғастыруға немесе мемлекет сыйлықасымен бірге толық көлемде алып алуға құқылы, сондай-ақ қаражатты үшінші адамның (бауырлары, қарындастары) атына ашылған (ашылатын) «AQYL» білім беру депозитіне аудару алады. Мысалға, екінші балаңыз атына (бауырларына, қарындастарына).

Депозитті мақсатқа сай пайдаланбау не «AQYL» білім беру депозитін мерзімінен бұрын бұзу жағдайында салымшы есепке жазылған мемлекет сыйлықақысының сомасын мемлекеттік бюджетке қайтарады.

6. Білім алу орнын таңдауға шектеу қойылмайды

Жинақталған қорды Қазақстанның, сондай-ақ шетелдің ЖОО-ларында немесе колледждерінде, оның ішінде білім беру және тілдік курстарда оқудың ақысын төлеуге болады.

7. Жас ерекшелігі бойынша шектеу жоқ

«AQYL» білім беру депозитін жас ерекшелігіне қарамастан Қазақстанның барлық азаматына техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін ашуға болады.

Айта кету керек, «AQYL» білім беру депозиті қатардағы қазақстандықтар үшін ғана емес, өз қызметкерлеріне корпоративтік-әлеуметтік бағдарламаларды іске асыратын компаниялар үшін де, сондай-ақ әлеуметтік жағынан өзіс санаттағы балаларға көмектесуге ниетті меценаттарға да қызықты. Мысалға, осыдан екі жыл бұрын өлемге өйгілі спортшылар Илья Ильин, Серик Сапиев, Александр Левит елордалық балалар үйінде тәрбие алатын балалардың атына білім беру депозиттерін ашқан болатын. Осы сияқты басқа да жағымды мысалдар баршылық.

Білім алуға қаражат жинау барлығының қолынан келеді. «AQYL» білім беру депозитін баланың атына ғана емес, өз атыңызға да ашуға болады. Бүгінгі таңда 20 мыңға жуық білім беру жинақтау депозиті ашылған. Бұл жарқын болашаққа кепілі бар адамдар десе болады.

Бұл керемет мүмкіндікті пайдаланыңыз. Өзіңіздің және балаңыздың біліміне үлес қосыңыз. Мұны жасауға AQYL көмектеседі.

СІЗ МӘМС ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Қазақстанда ағымдағы жылдың шілде айынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі өз жұмысын бастады.

Біздің медициналық сақтандыру үлгісінің негізгі қағидадары: ынтымақтастық, жаппай қамту және әділеттілік, қаражат жинау кезінде – өркімнен төлем қабілетіне қарай», ал медициналық көмек алуға «өркімге қажетіне қарай». Аталған жүйе жинақтаушы жүйе емес, және қаражатты дербестендіре бөлу қарастырылмаған. Ортақ қаржыландыру - бұл ай сайын Медициналық сақтандыру қорына жұмыс берушілер, жұмыскерлер, өзін-өзі қамтитын азаматтар және негізгі әлеуметтік қорғалмаған тұрғындар үшін негізгі төлеуші ретінде мемлекет тарапынан түсетін жарналар мен аударымдар.

Тұрғындар 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы медициналық көмек ала бастайды. МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін анықтау үшін өзінің ЖСН-ын ұсынуы жеткілікті.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кімдер жарна төлемейді?

Бұл, олар үшін мемлекет жарна төлейтін, әлеуметтік қорғалмаған азаматтардың 14 санаты:

1) балалар;

2) жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;

3) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;

4) бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) іс жүзінде тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адамдар;

5) бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;

6) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар;

7) Зейнетақы алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

8) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар;

9) тереуеу изоляторларындағы адамдар;

10) жұмыс істемейтін оралмандар (1 жыл бойы);

11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар;

12) мүгедектер;

13) орта, техникалық және кәсіп-

тік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жүрген адамдар;

14) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқуды аяқтаған айдан кейінгі күнтізбелік үш айдың ішінде оқуын аяқтаған адамдар. Сонымен бірге, ескери адамдар, арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлері, құқыққорғау органдарының қызметкерлері Медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуден босатылған, бірақ оларға ведомстволық желідегі мекемелерде медициналық қызмет көрсетіле береді.

МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтар қандай медициналық көмек алады?

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек - амбулаториялық жағдайда және күндізгі стационарда көрсетілетін емханалар қызметі, оның ішіне аурудың алдын алу, диагностикалық зерттеу, емдеу, жүктілік ағымын бақылау, медициналық манипуляция, т.б.;

Арнайы және жоғары технологиялық медициналық көмекке арнайы тәсілдер мен күрделі медициналық технологияларды қажет ететін аурулардың алдын алу,

диагностикалық зерттеу, емдеу кіреді;

Жоспарлы медициналық көмек емделуші сырқаттанған және оның өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда ауруханаларда көрсетіледі;

Сырқатына қарай бекітілген тізімдемеге сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

Мейіргерлік күтім - ауыр сырқат салдарынан, өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігінен айырылған, ұдайы сырттан күтім мен қарауға мұқтаж жандарға көмек көрсету;

Паллиативтік көмек - емделмейтін, өміріне қауіп төндіретін және ауыр өтетін аурулары бар пациенттердің өмір сүру сапасы мен жалпы жағдайын барынша жайлы етуге арналған медициналық және әлеуметтік көмек.

Мемлекет ТЕГІН медициналық көмектің мынадай түрлеріне кепілді береді:

Жедел жәрдем және санитарлық авиация;

Әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті, психиатриялық және т.б.) және шұғыл түрде көрсетілетін медициналық көмек;

Профилактикалық егулер.

А.МАЙЛЫБАЕВА,
аудандық аурухананың СӨСҚ маманы.

«ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТ!»



Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы барлық азаматтарды акцияға қатысуға шақырады! Акция 8 тамызға дейін жалғасады. Аталған акцияны өткізудің мақсаты - азаматтық белсенділікті арттыру, тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді тұтынушылар ретінде өз мүдделерін қорғау мәселелерінде азаматтардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту.

Акцияны өткізу кезінде елдің әрбір тұрғыны кез келген сатып алу немесе ақылы қызмет көрсету арқылы смартфонның иесі болуға мүмкіндік алады. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді төлеу үшін чектерді «таңдау» мобильдік қосымшасында тіркеу қажет. Акцияға деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының чектері қатысады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы «Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РМ мекемесінің 12 маусым 2019 жыл №38-НҚ бұйрығы негізінде «Ойыл аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолшаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның сумен жабдықтау қызметіне уақытша өтемдік тарифі 1 тамыз 2019 жылдан бастап 1 текше метрге 185,99 теңге (қосымша құн салығынсыз) деңгейіне төмендетілді.

Оның ішінде
I моп Тұрғындар үшін – 1 текше метр - 115,45 теңге.
II моп Өзге тұтынушылар үшін – 1 текше метр - 441,04 теңге болып бекітілді.

«Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны

ТАЗАЛЫҚ - БАРШАҒА ОРТАҚ!

ТАЗАЛЫҚ БАРШАҒА ОРТАҚ ІС. ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ «ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ» - ДЕП БЕКЕР АЙТПАҒАН. СЕБЕБІ «АУЫЛЫНА ҚАРАП АЗАМАТТЫҢ ТАНЫ» ДЕГЕНДЕ КЕРЕМЕТ НАҚЫЛ СӨЗ БАР. АЛАЙДА БҮГІНДЕ БІЗДІҢ АУДАНЫНЫҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫ САНАЛАТЫН ОЙЫЛ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАЛАУЛАРЫ ҚОҚЫСҚА ТОЛҒАН.

Биыл өзеннің тартылып, үзіліп жатқаны баршаға мәлім. Сондықтан таза ұстауға шақырды. Сенбілікке жиналған жұртшылық екі топқа бөлініп, бірі Ашықбайдан көпірге дейін қарай, тұрмыстық қалдықтарды кез-келген жерге лақтырмай, таза ұстауға ат салысулары қажет. Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі бұл өзендер мен су қоймаларының жағалаулары қоқыстармен ластану. Осы орайда өткен сенбіде «Таза Қазақстан» акциясы өтті. Айтулы акцияға аудан орталығындағы мекеме қызметкерлері мен еріктілер барлығы 500-ден астам адам қатынасты. Ойыл және Қиыл өзендерінің жағалауларын тазалауға Ойыл, Саралжын, Қайыңды, Ш.Берсиев, Көптоғай ауылдық округтерінің тұрғындары айрықша атсалысты. Аудан орталығында Ашықбайға жиналған еріктілерге аудан әкімі Асқар Қайыр-

ғалиұлы табиғатты аялап, оны өрдейтін таза ұстауға шақырды. Сенбілікке жиналған жұртшылық екі топқа бөлініп, бірі Ашықбайдан көпірге дейін қарай, тұрмыстық қалдықтарды кез-келген жерге лақтырмай, таза ұстауға ат салысулары қажет. Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі бұл өзендер мен су қоймаларының жағалаулары қоқыстармен ластану. Осы орайда өткен сенбіде «Таза Қазақстан» акциясы өтті. Айтулы акцияға аудан орталығындағы мекеме қызметкерлері мен еріктілер барлығы 500-ден астам адам қатынасты. Ойыл және Қиыл өзендерінің жағалауларын тазалауға Ойыл, Саралжын, Қайыңды, Ш.Берсиев, Көптоғай ауылдық округтерінің тұрғындары айрықша атсалысты. Аудан орталығында Ашықбайға жиналған еріктілерге аудан әкімі Асқар Қайыр-

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы мен ЖЖСүбіалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің директоры Жонисова Маржан Сәлімгерейқызына қайын атасы

Ғану Әліғасырдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады


Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Жолдыбаева Динаға сілтісі

Гүлнұрдың

өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы,
Әкеміз Жолдас Күмісқалиұлының 13 жыл,
анамыз Базар Әбдіғалиқызын 10 жыл,
бауырымыз Қанат Жолдасұлының 35 жылдығына сағынып,
еске аламыз...



Әке-ана, шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы еңдер ешбір жанға!
Амал жоқ, жоқсыңдар ғой ортамызда
Сағындық, біз сіздерді баршамызда.
Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен ұл-қыздарың еске алады..
Өздеріңмен өткізген сол бір күндер
Жадымызда мәңгілік сақталады.
Әке - ана, бауырымыз қорғаным,
Соқпағыңды өшірмейді тармағым,
Ұрпағыңның қадамына күт тілеп,
Жұмақта да қолдап жатсын аруағың..
Сағынышпен еске алушылары ұл қыздары, бауырлары Күмісқалиевтар әулеті.

**Ойыл ауданы, Қаратал ауылы,
Дүйсенғалиев Қанат
(17.08.1951 ж - 06.09.2018 ж)**

1 жыл өтті бейнеңді өке сағындық,
Алладан сұрап қайырың, жақсылығына жалындық.
Алдың бейіш,